

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 630 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы N 1272 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылдануының 10 жылдығын мерекелеу іс-шараларының жоспарын іске асыру мақсатында, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар қызметтерді берушілер б о л ы п б е л г і л е н с і н :

1) "Қазақстан Конституциясына 10 жыл" мерейтой медальдері мен естелік белгілерін дайындау бойынша "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

2) "Қазақстан Конституциясына 10 жыл" мерейтой медальдеріне куәліктер бланкілерін дайындау бойынша Қазақстан Республикасы Президенті іс басқармасының "Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттар дирекциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) заңнамада б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

1) 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен осы қаулының 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген заңды тұлғамен 31470000 (отыз бір миллион төрт жүз жетпіс мың) теңге сомасына және осы қаулының 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген заңды тұлғамен 1000000 (бір миллион) теңге сомасына мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасуды;

2) сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды;

3) осы қаулыдан туындайтын қажетті шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК